ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 23 желтоқсан № 5165-24-00-2/3491 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Д.А.Бейсембекова,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Түркістан облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «ИП Кемелбаев» атынан әрекет етуші Бағлан Қанатұлы Кемелбаев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.Тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Түркістан облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «ИП Кемелбаев» атынан әрекет етуші Бағлан Қанатұлы Кемелбаев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «ИП Кемелбаев» атынан әрекет етуші Бағлан Қанатұлы Кемелбаевтан мемлекет пайдасына 988 (тоғыз жүз сексен сегіз) теңге тұрақсыздық айыппұл және 1 876 (бір мың сегіз жүз жетпіс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Бейсембекова Д. А., 24.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 31.01.2025, судья Бейсембекова Д. А., 31.01.2025
5165-24-3-1/3638

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына осы сот арқылы апелляциялық шағым беруі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Д.А.Бейсембекова**

Құжатқа қол қойылған: Бейсембекова Д. А., 24.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 31.01.2025, судья Бейсембекова Д. А., 31.01.2025

5165-24-3-1/3638